

**"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 25 қазандағы № 828 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 26 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6593 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 24 тамызда № 6430 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 2 қазанда № 402-405 (26248) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық е р е ж е с і н д е :

4 2 - т а р м а қ т а ғ ы :

«4 және 5-қосымшаларда» деген сөздер «4-қосымшада» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 - қ о с ы м ш а д а :

«1 төсекке арналған палаталар» деген жолдағы «9,0» деген сан «7,0» деген с а н м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Күндізгі	стационар	палаталарында:	4 , 5 6,0
-	б а л а л а р	ү ш і н ;	
- ересектер үшін			

» ;

2 - қосымшада :

«Ауданы, м<sup>2</sup>» деген графада:  
«буфет» деген жолдағы «12» деген сан «10» деген санмен ауыстырылсын;

3 - қосымшада :

1 - кестеде :

«Кемінде м<sup>2</sup>» графасында:  
«Вестибюль» деген жолдағы «10 (18)» деген сандар «12» деген санмен ауыстырылсын ;

«Аға мейірбике кабинеті» деген жолдағы «12 (10)» деген сан «10» деген санмен ауыстырылсын;

«

Менеджер	8
----------	---

»

және

«

Бухгалтерия	10
-------------	----

»

деген жолдар алынып тасталсын ;  
«Бөлімше меңгерушісінің кабинеті» деген жолдағы «10 (12)» деген сандар «10» деген санмен ауыстырылсын ;

«Егу үй-жайы» деген жолдағы «10x2» деген сандар «10» деген санмен ауыстырылсын ;

«Жалпы практика және/немесе учаске қызметі бөлімшесі» бөліміндегі:  
«Туберкулезге қарсы препараттарды қабылдау кабинеті» деген жолдағы «10» деген сан «8» деген санмен ауыстырылсын ;  
мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Акушерлік-гинекологиялық қабылдау кабинеті	18
--	----

» ;

«Шаруашылық-тұрмыстық үй-жайлар» бөліміндегі:

«

Персоналға арналған буфет:	
Тарату бөлмесі бар зал	12
Қосалқы үй-жай	6
Асхана ыдысын жуатын орын	8

»

деген жолдар мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

«

--	--

Буфет

12

» ;

2 - кесте алынып тасталсын ;

3-кестеде:

«

Дәрігерлік қабылдау кабинеттері	12-ден (кабинеттер саны жобалауға арналған тапсырмамен және штаттық кестемен анықталады)
Мейірбике кабинеттері (дәрігерге дейінгі қабылдау)	12-ден (кабинеттер саны жобалауға арналған тапсырмамен және штаттық кестемен анықталады)

»

деген жолдар мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

«

Дәрігерге дейінгі және дәрігерлік қабылдау кабинеттері	12x2
--	------

»;

«

Күндізгі стационар	кабинеттер саны жобалауға арналған тапсырмамен анықталады
--------------------	---

»

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

«

Күндізгі стационар	Балалар үшін 4,5 Ересектер үшін 6,0
--------------------	--

»;

«

Зертханалар:	Үй-жайлар саны жобалауға арналған тапсырмамен және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге және ордалатын зерттеулер көлеміне сәйкес анықталады
--------------	---

»

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

«

Зертханалар:	4
- қан алу үй-жайы ;	12
- талдаулар жүргізу үй-жайы	

» ;

«Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған бөлмелер» деген

жолдағы «10» деген сан «4» деген санмен ауыстырылсын;  
4 - к е с т е д е :

«Жалпы үй-жайлар» бөліміндегі:

«

Материал алып, зерттеу жүргізу кабинеті	12
Қақырық жинауға арналған бөлме	8
Туберкулезге қарсы препараттарды қабылдау кабинеті	8

»

деген жолдар алынып тасталсын;  
4-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5 - қ о с ы м ш а а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

7 - қ о с ы м ш а д а :

2 - к е с т е д е :

«Үй-жайлар» графасындағы:

бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Стерильді емес материалдарды, киім-кешекті, медициналық аспаптарды  
қ а б ы л д а у ж әне с а қ т а у » .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік-құқықтық жұмыс департаменті (Ф.Б. Бисмильдин) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі А.Д. Құрманғалиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

*Б. Садықов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

м и н и с т р і

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 5

қ а з а н д а ғ ы

№ 828 бұйрығына қосымша

«Денсаулық

с а қ т а у

о б ъ е к т і л е р і н е

қ о й ы л а т ы н

с а н и т а р и я л ы қ -

эпидемиологиялық талаптар»  
санитариялық ережесіне  
4-қосымша

**Күндізгі стационар үй-жайларының ең аз құрамы мен ауданы**

№	Үй-жайлар атауы	Үй-жайлардың ауданы (м <sup>2</sup> )
1.	1 төсектік палата : медициналық-әлеуметтік, қалпына келтіріп емдеуге және кресло-арба көмегімен қозғалатын науқастарға арналған	12
2.	2 төсектік палата : медициналық-әлеуметтік, қалпына келтіріп емдеуге және кресло-арба көмегімен қозғалатын науқастарға арналған	10
3.	П а л а т а л а р : ересектерге арналған балаларға арналған	6 , 0 4,5
4.	3 төсектік палата : медициналық-әлеуметтік, қалпына келтіріп емдеуге және кресло-арба көмегімен қозғалатын науқастар үшін	21
5.	Палата жанындағы дәретхана (унитаз, қолжуғыштар)	6
6.	Манипуляциялық	18
7.	Күту залы	10

»